

«БЕКІТЕМІН»



«Қарағандық облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің» Қарасақал Ертісбет атындағы «№96 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекенесінің директоры

[Handwritten signature]
М.Қашев

« ____ » тамыз 2024 жыл

**№96 орта мектеп бойынша
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының
2-қосымшасына сәйкес*

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Келімбетов

I. 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау есебі (SWOT)

II. Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы:

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы

Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

III. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

• Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

• Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

• Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамытуда білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

күнделікті:

«**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«**Үнемді тұтыну**» – жалынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

«**Менің Қазақстаным**» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, накыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
Буллингтен қорған!
Ойынға салауатты көзқарас;
Өмірге салауатты қадам;
Қоғамдық мүлікті қорға!
Қауіпсіз қоғам.

жыл сайын:

«ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.

«Әншуак» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.

«Ақындар айтысы» – Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындардың сайыстарын өткізу.

Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу.

Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.

«Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша)

2024-2025 оқу жылындағы атаулы күндер тізбесі

- Түркі ғалымы Махмұд Қашқаридің туғанына 995 жыл (1029-1101)
- Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының туғанына 840 жыл (1184-1227)
- Жошы ұлысына 800 жыл (1224)
- Қазақ ханы Қасым ханның туғанына 580 жыл (1445-1521)
- Тарихшы, философ Мұхаммед Хайдар Дулати туғанына 525 жыл (1499-1561)
- Ақын, қолбасшы Махамбет Өтемісовтың туғанына 220 жыл (1804-1846)
- Ғалым, мемлекет қайраткері Санжар Асфендияровтың туғанына 135 жыл (1889-1938)
- Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл (1924-1988)
- Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл (1894-1943)
- Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл (1995)
- Қазақ тілтанушысы, филология ғылымдарының докторы Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызының туғанына 100 жыл (17.08.1924–04.07.2020)
- Тарихшы–этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл (21.09.1924–08.08.1998)
- Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924–1992).
- Қазақ тіл білімі–түркітанушы Абдуали Қайдаровтың туғанына 100 жыл
- Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл (1894–1938)
- Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл (10.09.1894–1939)
- Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл (15.10.1894–25.02.1938)
- Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894–26.02.1938)
- Әдебиеттанушы Телжан Шонановтың туғанына 130 жыл (1894–1938)
- Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл (15.02.1915–6.05.1966)
- Ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл (20.03.1935).
- Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының туғанына 80 жыл (1.05.1945–2014).

IV. Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

Отан, ел, туған өлке туралы білу;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу;

мемлекеттік тілді білу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу;

туған өлкенің табиғатын қамқорлықпен қарау.

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;

мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;

мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;

Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

отбасындағы, балабақшадағы мінез-құлық нормаларын білу;

басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу;

ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы;

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;

ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен

орындау;

басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;

қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

әрекетіне жауапты болу;

уәделерді орындай білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

зағтар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;

оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;

берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;

басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;

әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;

қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;

белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;

тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелерін білу;

үлкендерді құрметтеу;

үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстау.

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;

тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;

моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

үйде, топта қарапайым әрекеттерді орындауға көмектесу;

үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау;

жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;

жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;

өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;

еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;

жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;

өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;

нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;

еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

шығармашылық қиял мен қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық;

сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту;
алған білімді жаңа нәрсе жасау үшін қолдана білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;

өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;

бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;

модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;

оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;

әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;

ақпаратты талдау және бағалау;

жаңа идеяларды ұсыну;

заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;

мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Согласовано

29.07.2024 15:30 Медетбекова Меруерт Аскарбековна

29.07.2024 16:57 Жумашев Каныбек Бекболатович

29.07.2024 18:36 Муханбетов Асет Гарифуллейович

29.07.2024 19:01 Куттлеуова Багымсудь Абубакировна

29.07.2024 20:29 Курманбекова Карлыгаш Жаркынбековна

30.07.2024 09:56 Нагметжанова Толкын Сериковна

30.07.2024 10:00 Акитаева Гульден Бериковна

30.07.2024 10:02 Дуйсенбаева Фариза Сансымбаевна

Подписано

30.07.2024 18:55 Вейсембаев Газиз Бектасевич

**№96 орта мектеп бойынша
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
жұмыс жоспары**

Орта білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары				
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні 1-апта дәйексөзі : Мектеп кеме, білім – теңіз 2-апта дәйексөзі: Жанұым- қорғаным , ата-анам – тірегім! 3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға (А. Құнанбаев) 4-апта дәйексөзі: Еңбек- жай ғана қызмет емес , адам болмысының айнасы (А. Құнанбаев)				
Р с	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
1	Білім күні. «Мектебім – мейірім мекені!» «Менің Отаным – Қазақстан!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Салтанатты іс-шара Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	1 қыркүйек 2 қыркүйек 1 апта
2	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	9 қыркүйек 2 апта
3	Будлингтен қорған Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	16 қыркүйек 3 апта
4	«Еңбек күніне» арналған Еңбек түбі береке. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	23 қыркүйек 4 апта
5	Қарттар күніне «Қарттарым асыл қазынам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	30 қыркүйек 5 апта
6	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсынұовтың туған күніне орай)	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған іс-шара	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	5 қыркүйек 1 апта

7	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, педагог-психолог	6 қыркүйек 1 апта
8	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі	Отбасы күніне арналған челлендж	Ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер	6 қыркүйек 2 апта
9	8-11 сыныптар Жарнаманың әсерлеріне бейімделу, тәуелділікке қарсы тұру дағдыларын қалай алуға болады? 5-10 сыныптар Электрондық темекінің зияны	Психологиялық сағат	І.Әлімжанова мектеп психологы ДТЖО,	18 қыркүйек
10	Ата аналар жиналысы Балалар буллинг, кибербуллиннің құрбаны болғанда не істеу керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	17 қыркүйек
10	Ата аналар жиналысы Балалар буллинг, кибербуллиннің құрбаны болғанда не істеу керек?	Кездесу,жадынама тарату	І.Әлімжанова мектеп психологы, сынып жетекшілері, ДТЖО	27 қыркүйек
11	1-11 сыныптар Буллинг және оның алдын алу	Ақпараттық сағат	І.Әлімжанова мектеп психологы, сынып жетекшілер, ДТЖО	25 қыркүйек
12	Буллинг профилактикасын жүргізу бойынша әдістемелік семинарлар ұйымдастыру	Семинар	Қалалық, аудандық білім бөлімі	Қыркүйек
13	Әлеуметтік желілерде құмар ойындардың зияны туралы (#лудомания,мен құмар ойындарға қарсымын) хештегтермен материалдар орналастыру.	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	ДТЖО, мектеп психологы, сынып жетекшілер, әлеуметтік желіге жауапты мамандар	19 Қыркүйек
14	Учаскелік полиция инспекторларымен бірге жастар көп шоғырланатын аймақтарға рейдке шығу.	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Полиция бөлімі Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері «Жігер» жастар ұйымынан ерікті жастары	Жыл бойы
15	Наркобекет жұмыстарының қызметін ұйымдастыру	Жылдық жоспары Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	І.Әлімжанова мектеп психологы	Жыл бойы
16	Білім алушының құмар ойынға бейімділігінің белгісі бойынша ішкі есепке алу, жеке жұмыстар жүргізу	Жылдық жоспары	А. Келімбетов тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
17	Құмар ойынға тәуелділікке байланысты білім беру ұйымдары психологиялық қызметі мен жеке және отбасылық кеңес беруге психолог сағатын ұйымдастыру	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	І.Әлімжанова мектеп психологы	Жыл бойы

18	Медиация жұмысын жандандыру	Жылдық жоспары	А. Келімбетов тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ұйымдастырушы педагог	Жыл бойы
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні 1-апта дәйексөзі: Туған жер-тұғырың Туған ел -қыдырың 2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас! 3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады! 4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				
1				
2	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. Б.) бірлесіп	7 қазан айы 2 апта
3	Буллингтен қалай қорғану керек! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Психологпен кездесу	Сынып сағаты Кездесу	Сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	14 қазан айы 3 аптасы
4	Республикам – мақтанышым! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Республика күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара/сынып сағаты	А.Байділдаева тәлімгер, сынып жетекшілері	21 қазан айы 4 аптасы
5	«Компьютерлік ойындардың зияндылығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Ғ.Әйімбетова информатика пәні мұғалімі, Сынып жетекшілер	28 қазан айы 5 апта
6	«Даналық ұстаздан» челленджи	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	А.Байділдаева тәлімгер, сынып жетекшілері	3 қазан айы 1 апта
7	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	волонтерлық акциясы	А.Байділдаева тәлімгер, сынып жетекшілері	18 қазан айы 3 апта
8	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу шаралары (аудоманияның алдын алу)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы, сынып жетекшілері	2 қазан айы 1 аптасы

9	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	10 қазан айы 2 аптасы
10	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Жәрмеңке	А.Байділдаева тәлімгер, Д.Өтениязов әлеуметтік педагог, Сынып жетекшілері	11 қазан айы 2 аптасы
11	Мектеп парламентінің президентін сайлау	Сайлау материалдары, әлеуметтік желіге жариялау	Ж.Өтепбергенов ұйым.пед.	18 қазан айы 3 аптасы
12	«Үшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Ж.Сайлаубай физика пәні мұғалімі, дебат жетекшісі	23 қазан айы 4 апта
13	Демалыста кітап оқимыз	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара	О.Әбдірахманова кітапханашы	22 қазан айы 4 аптасы
14	Буллинг профилактикасын жүргізу бойынша әдістемелік семинарлар ұйымдастыру	Семинар	Қалалық, аудандық білім бөлімі	Қазан
15	Құмар ойындарымен бәстесудің зияны, қаржылық сауаттылық туралы жадынамалар тарату	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Г.Әлімжанова мектеп психологы, сынып жетекшілері	17 қазан
16	8-11 сынып оқушылары «Құмар ойындарының зардабы және қаржылық сауаттылық» дебат	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Ж.Сайлаубай физика пәні мұғалімі, дебат жетекшісі	11 қазан
	7-8 сынып оқушылары «Ойынқұмарлық-тәуелділік» оқушылар конференциясы		Г.Әлімжанова мектеп психологы	15 қазан
17	«Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындар сайысы	Ақындар айтысы	С. Жамаш, Л.Әбдіхалықова қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, сынып жетекшілері мәдени мекемелермен бірлесіп	23 қазан

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

1-апта дәйексөзі : Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!

2-апта дәйексөзі: Тура биле туған жоқ!

3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі

4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!

1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 қараша айы 1 апта
2	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	11 қараша айы 2 апта
3	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	18 қараша айы 3 апта
4	Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	25 қараша 4 аптасы
5	Мектеп театры	Театр қойылымы	Қосымша білім беру маманы Д.Әбіл, Эстетикалық инел пәндер мұғалімдері, /тілдік пәндер мұғалімдері	7 қараша айы 1 апта
6	«Үшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	Д.Әбіл қосымша білім беру маманы	14 қараша айы 2 аптасы
7	«Startup» байқауы	Байқау	А.Байділдаева тәлімгер, Сынып жетекшілері	19 қараша айы 3 апта
8	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	26 қараша айы 4 аптасы
9	8-11 сыныптар Вейнгерден бас тартудың себептері	Дебат	Ж.Сайлаубай физика пәні мұғалімі, дебат жетекшісі	20 қараша
	5-10 сыныптар Электронды темекілердің химиялық құрамы	профилактикалық акция	А.Келімбетов тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы, Сынып жетекшілері	12 қараша

10	Интернетке, компьютерге және ойынға тәуелділікті анықтау бойынша тест сауалнама ұйымдастыру	Қорытындысы бойынша жұмыс жасау.	Информатика пәнінің мұғалімдері Г.Әйімбетова, Р.Жалғасбаева, сынып жетекшілері, мектеп психологы	14 қараша
11	«Үздік медиация кабинеті» байқауы	Байқау қорытындысын жариялау	І.Әлімжанова мектеп психолгы, Ж.Өтенберген ұйымдастырушы педагог	28 қараша
<p>Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы</p> <p>5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні</p> <p>1-апта дәйексөзі : Бірлігі күшті ел озады 2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді 3-апта дәйексөзі: Біраік болмай тірлік болмас 4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған</p>				
1	Буддизмге қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 желтоқсан 1 апта
2	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	9 желтоқсан 2 апта
3	Ойынға салауатты қозғалыс Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты (лудоманияның алдын алу шарасы)	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	23 желтоқсан 4 апта
4	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	6 желтоқсан 1 апта
5	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	А.Байлілдаева тәлімгер	1 желтоқсан 2 апта
6	Балалар кітапханасы	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	О.Әбдірахманова Сынып жетекшілері	13 желтоқсан 2 апта
7	«Үшқар ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Ж.Сайлаубай физика пәні мұғалімі, дебат жетекшісі	19 желтоқсан 3 апта
8	«Жаңа жыл – жаңа жыр»	Мерекелік іс-шара	Ж.Өтенбергенов ұйымдастырушы пед., Сынып жетекшілері, ұжым жетекшілері	23 желтоқсан 4 апта
9	Психолог кеңесі Буддизмнің құрбаны болмаудың 10 себебі	Психолог кеңесі	І.Әлімжанова мектеп психологы, сынып жетекшілері	25 желтоқсан 4 аптасы

Қаңтар – заң және тәртіп айы				
2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар 3-апта дәйексөзі: Тәртіп – тәрбие бастауы 4-апта дәйексөзі: Әділет жолы- адал жол				
1	Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	13 қаңтар айы 2 апта
2	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	20 қаңтар айы 3 апта
3	«Заң және Тәртіп» құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	27 қаңтар айы 4 апта
4	Мамандықтар марафоны	Байқау	Р.Жалғасбаева бағдарлы жөніндегі орынбасары Көркем сәбк, информатика, робототехника мұғалімдері	9 қаңтар айы 2 апта
5	«Үшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	Д.Әбілов қосымша білім беру маманы	15 қаңтар айы 3 апта
6	«Өнертанқыштыққа алғашқы қадам» байқауы	Байқау	Р.Жалғасбаева бағдарлы жөніндегі орынбасары Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері	22 қаңтар айы 4 апта
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі : Жасампаздық – бәрімізге өнеге 2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала 3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - өрге жүзер 4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы				
1	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 ақпан айы 1 апта
2	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10 ақпан айы 2 апта
3	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	17 ақпан айы 3 апта

4	Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	24 ақпан айы 4 апта
5	«Үшым ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Ж.Сайлаубай физика пәні мұғалімі, дебат жетекшісі	6 ақпан айы 1 апта
6	«Шың жүректен кітап сыяла!» челленджі	Челлендж	О.Әбдірахманова кітапханашы	13 ақпан айы 2 апта
7	«Startup» байқауы	Байқау	А.Байділдаева тәлімгер, Сынып жетекшілері	20 ақпан айы 3 апта
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
<p>1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні</p> <p>1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің..(Б.Момышұлы) 2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік 3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады</p>				
1	Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 наурыз айы 1 апта
2	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	10 наурыз айы 2 апта
3	Наурыз – жыл басы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	17 наурыз айы 3 апта
4	«Ананың аялы алақаны» челленджі	Челлендж	Ж.Өтепбергенов ұйымдастырушы пед., А.Байділдаева тәлімгер, Сынып жетекшілері	6 наурыз айы 2 апта
5	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Көрме	Ж.Өтепбергенов ұйымдастырушы пед., Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	12 наурыз айы 2 апта
6	Мектеп театры	Театр қойылымы	Д.Әбілов қосымша білім беру маманы театр жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	18 наурыз айы 3 апта
7	«Күй күмбірі»	Домбырашылар челленджі	Ж.Өтепбергенов ұйымдастырушы пед., С.Әбдікер музыка пәнінің мұғалімі	19 наурыз айы 3 апта

	Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша).			
8	«Жер сағаты» экологиялық акциясы	Акция	Жаратылыстау бірлестігінің аталығы/онкүндігі шеңберінде пән мұғалімдері	Наурыздың 4 аптасы
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі : Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең				
2-апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)				
3-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын неді. (Леонардо да Винчи)				
4-апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар				
1	Біз таңдаған кітаптар Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	7 сәуір айы 1 апта
2	Туған жер тұнған тарих Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	14 сәуір айы 2 апта
3	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	21 сәуір айы 3 апта
4	Қоғамдық мүлікті қорға! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	28 сәуір айы 4 апта
5	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	11 сәуір айы 2 апта
6	«Түлектердің ағаш егуі» эколелленджі	Челлендж	А.Байділдаева тәлімгер, Сынып жетекшілері	22 сәуір айы 4 апта
7	«Үшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Ж.Сайлаубай физика пәні мұғалімі, дебат жетекшісі	17 сәуір айы 3 аптасы

8	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып	Шеберлік сынып	І.Әлімжанова психолог, Сынып жетекшілері	10 сәуір айы 2 апта
9	8-11 сыныптар Бір тартып көрудің зиянды салдары	Дебат	Ж.Сайлаубай физика пәні мұғалімі, дебат жетекшісі, Сынып жетекшілері	25 сәуір
	5-10 сыныптар Қозғалыста бол!	Профилактикалық акция		
10	Оқушылардан бопсадау мен әлімжеттік және буллинг бойынша сауалнама алу	Сауалнама алу	І.Әлімжанова психолог, полиция бөлімдері	27 сәуір
11	Жоғарғы сынып оқушылары және олардың ата-аналары арасында заманауи синтетикалық есірткілердің дәріханалық, нашакорлық проблемаларын және есірткі, психикалық белсенді заттардың заңсыз айналымының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша сала мамандарымен кездесу	Сала мамандарымен кездесу	А. Келімбетов тәрбие ісі жөніндегі орынбасары І.Әлімжанова психолог, З.Жолжанова мектеп мейіркеші	18 сәуір
12	8-11 сынып оқушылары Нашакор болмаудың 100 себебі	Дәріс сабағы	І.Әлімжанова психолог	21 сәуір айы 4-аптасы
	5-7 сынып оқушылары Кәмелетке толмағандарды есірткі ортасына тартудың құқықтық салдары	Дебат/пікірталас	Ж.Сайлаубай физика пәні мұғалімі, дебат жетекшісі	22 сәуір
	Нашакорлық пен есірткі құқықбұзушылығының алдын алу	Бейнесабақ көрсетілімі	А. Келімбетов тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	23 сәуір
	1—11 сынып оқушылары Есірткісіз қоғам (спорттық шаралар),		Дене шынықтыру мамандары	25 сәуір
	Салауатты өмір салтын насихаттау (флешмоб)		Ж.Өтепбергенов ұйым.пед., А.Байділдаева тәлімгер, сынып жетекшілері	24 сәуір
	«Мен темекіні тастаймын!», «Біз темекі шегуге қарсымыз!», «Жастар темекіге	Фотосесс, әлеуметтік желіде жариялау	ДТЖО Ж.Өтепбергенов ұйым.пед.	29 сәуір

	қарсы» аймақтық акциялар ұйымдастыру		Мектеп психологы Дене шынықтыру мамандары, мектеп тәлімгері, сынып жетекшілері	
	Медиация кабинеттерінің жұмысымен танысу	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Ж.Өтепбергелов ұйым.пед., Мектеп психологы	Сәуір
	7-10 сынып оқушылары арасында интернеттегі қауіпсіздікті сақтау және жахандық құзыреттілік бойынша информатика пәні мұғалімдерінің ақпараттық сауаттылық ашық сабақтары	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Г.Әйімбетова, Р.Жалғасбаева информатика пәні мұғалімдері, сынып жетекшілері	17 сәуір
	1-11 сынып оқушылар «Интернет қауіпсіздік» мектеп апталығы шеңберінде «Ақпараттық қауіпсіздік» ойынына тәуелділіктің теріс салдары туралы көмелетке толмағандарға арналған ағарту шараларының кешенін іске асыру, профилактикалық шаралар ұйымдастыру 1-4 сынып оқушылары «Интернеттегі қауіпсіздік», «Қауіпсіз интернет» танымдық сағат 5-8 сынып оқушылары «Интернеттегі жеке қауіпсіздік» ақпараттық сағат 9-11 сынып оқушылары «Интернеттегі форумдар мен чаттар» сынып сағаты, «Желілік байланыс этикасы» медиақауіпсіздік сабағы	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	ДТБЖО Мектеп психологтары Г.Әйімбетова, Р.Жалғасбаева информатика пәні мұғалімдері 1-4 сынып жетекшілері, 5-8 сынып жетекшілері 9-11 сынып жетекшілері Г.Әйімбетова, Р.Жалғасбаева информатика пәні мұғалімдері	18 сәуір

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1-апта дәйексөзі : Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер

2-апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ

3-апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ

4-апта дәйексөзі: Жанғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)

1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	5 мамыр айы 1 апта
2	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут))	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	12 мамыр айы 3 апта
3	Білімім – Отаныма! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	19 мамы айы 4 апта
4	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі	Фестиваль	Ж.Өтепбергенов ұйымдастырушы пед., АӘДТ пән мұғалімі, музыка жетекшісі, сынып жетекшілері.	6 мамыр айы 2 апта
5	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	15 мамыр айы 3 апта
6	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	Ж.Өтепбергенов ұйымдастырушы пед., Бейнелеу пәнінің мұғалімі, Сынып жетекшілері	8 мамыр айы 2 аптасы
7	8-11 сыныптар «Есірткіні «жасырып кетуші» деген кім?» әңгіме түріндегі дәріс сабағы	Фотосесс, әлеуметтік желіде жариялау	Сынып жетекшілері,	Мамыр айы 3 аптасы

	5-7 сыныптар «Балалар есірткіге қарсы!» акциясы, «Есірткісіз жарқын болашақ» эссе байқауы		қазақ тілі пәні мұғалімдері	
	1-11 сыныптар «Зиянды әдеттерден аулақ бол!» бейнероликтер көрсетілімі		Д.Әбілов қосымша білім беру маманы, Ғ.Әйімбетова инф.пәні мұғалімі	
8	Медицина қызметкерлерімен 8-11 сынып оқушыларына «Электронды темекіден бас тарту себептері», «Вейп туралы мафтер мен шандық», «Вейпші: Бұл не және бұл хобби не үшін қауіпті?», «Кальян мен вейп шегудің зияны», «Абайлаңыз-электронды темекі», т.б денсаулық сабақтарын өткізу.	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, І.Әлімжанова мектеп психологы, Мектеп мейіркеші, сынып жетекшілері.	13 мамыр
9	5-8 сынып оқушылары «Интернеттегі жеке қауіпсіздік» ақпараттық сабақ 9-11 сынып оқушылары «Интернет желісіндегі қауіпсіздік»	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Ғ.Әйімбетова, Р.Жалғасбаева инф.пәні мұғалімдері, сынып жетекшілері	16 мамыр

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Келімбетов